

Абай Құнанбаевтың 180 жылдығына арналған «Әнді сүйсең, менше сүй»
тақырыбында облыстық байқау өтті

2025 жылғы 14 қараша күні Абай Құнанбаевтың 180 жылдық мерейтойына орай қосымша білім беру ұйымдарының педагогтері арасында «Әнді сүйсең, менше сүй» атты облыстық байқау өтті.

Байқаудың басты мақсаты – қосымша білім беру саласында еңбек ететін педагогтердің шығармашылық әлеуетін дамыту, кәсіби шеберлігін арттыру және ұлы ақын Абайдың музыкалық мұрасын насихаттау болып табылды.

Байқауға мемлекеттік қосымша білім беру ұйымдарының классикалық және эстрадалық ән айту сыныптарының педагогтері, сондай-ақ вокалдық ансамбльдер қатысты.

Барлығы: 13 педагог (7 жеке қатысушы, 2 ансамбль)

Қатысушылар Абайдың бір әнін және шетел немесе орыс композиторларының шығармаларын орындады.

Қатысушылардың өнерін қазылар алқасы бағалап, орындаушылық шеберлігі, сахна мәдениеті, музыкалық репертуарды таңдау және вокалдық техника бойынша саралады.

Байқау жоғары деңгейде ұйымдастырылып, қатысушылар өздерінің кәсіби біліктілігі мен шығармашылық мүмкіндіктерін толық көрсетті. Жеңімпаздар білім берудің оқу-әдістемелік орталығының арнайы дипломдарымен марапатталды.

Классикалық ән салу өнері бойынша:

I орын – Қонақбаева Гүлбану Асқарқызы (*Мұнайлы ауданы Өнер балалар мектебі*);

II орын – Бақтыбаева Мәдина Аманбекқызы (*Бейнеу ауданы, Құлиар Бақтыбайұлы атындағы Бейнеу балалар өнер мектебі.*)

Эстрадалық ән салу өнері бойынша:

I орын - Саймова Альбина Нұршатқызы (*Маңғыстау ауданы Балалар өнер мектебі*);

II орын - Тәжиева Балғын Ғазизқызы (*Мұнайлы ауданы Өнер балалар мектебі*);

II орын - Жалғасбаева Айдана Балтабековна (*Түпқараған ауданы Мұрын жырау Сеңгірбекұлы атындағы өнер мектебі*);

III орын - Абдешова Актоты Амиргалиевна (*Ақтау қаласы Оқушы орталығы*);

III орын - Қосымбай Әсемгүл Бәлиқызы (*Қарақия ауданы Ө.Қалманбетұлы атындағы Жетібай балалар өнер мектебі*).

Ансамбльдер:

I орын – «Гүлдерайым» ансамблі (*Маңғыстау ауданы Балалар өнер мектебі*);

II орын – «Камертон» ансамблі (*Түпқараған ауданы Мұрын жырау Сеңгірбекұлы атындағы өнер мектебі*).

Байқау соңында ұйымдастырушылар барлық қатысушыларға алғыстарын білдіріп, мұндай шығармашылық іс-шаралар алдағы уақытта да жалғасын табатынын атап өтті.



Б Ұ Й Р Ы Қ

«31» 10 2025 жыл
Ақтау қаласы

П Р И К А З

№ 14-14
город Ақтау

Облыстық «Әнді сүйсең менше сүй» тақырыбында қосымша білім беру ұйымдарындағы педагогтер арасында байқау өткізу туралы

Білім берудің оқу-әдістемелік орталығының 2025 жылға арналған іс-шаралар жоспарына сәйкес, қазақтың ұлы ақыны, ойшыл және ағартушы Абай Құнанбаевтың 180 жылдық мерейтойына орай қосымша білім беру педагогтерін қолдау, кәсіби өсуі үшін музыка саласында өзін-өзі жетілдіруге қажетті жағдай жасау мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2025 жылдың 14 қараша күні (басталу уақыты:10.00) облыстық «Әнді сүйсең менше сүй» тақырыбында қосымша білім беру ұйымдарындағы классикалық ән салу және эстрадалық ән айту сыныбының педагогтері мен үйірмелердің жетекшілері арасында байқау (Бұдан әрі-Байқау) Мұнайлы ауданы, Өнер балалар мектебінің базасында өткізілсін.

2. Бекітілсін:

1) Ұйымдастыру алқасының құрамы (1-қосымша);

2) Қазылар алқасының құрамы (2-қосымша).

3. Аудандық, қалалық білім бөлімдеріне:

1) Ережеге сәйкес байқауға қатысушылардың сұранысы 2025 жылдың 30 қазаннан кешіктірілмей орталықтың umco.oblys@mail.ru электрондық поштасына жолдансын.

2) Облыстық байқауға қатысушылардың іссапар шығыны жіберуші жақтың есебінен төленетіндігі ескерілсін.

4. Орталықтың «Тәрбие жұмысы және тұлғаны әлеуметтендіру бөліміне:

1) Байқау тиісті деңгейде ұйымдастырылып, сапалы өткізу жауапкершілігі жүктелсін.

2) Байқау ақпараты әлеуметтік желілерге жариялансын.

5. Осы бұйрықтың орындалысын бақылау директордың орынбасары А. Мамаева жүктелсін.

Директор

К. Мирова

Білім берудің оқу-әдістемелік орталығының 2025 жылғы «31» 10 №244-бұйрығына 1-қосымша

Ұйымдастыру алқасының құрамы

№	Маманның аты-жөні	Жұмыс орны, лауазымы
1.	Аманжолова Жанна Бердіғалиқызы	Білім берудің оқу-әдістемелік орталығы, тәрбие жұмысы және тұлғаны әлеуметтендіру бөлімінің жетекшісі;
2.	Чакабай Гүлмира Ізтілеуқызы	Білім берудің оқу-әдістемелік орталығы, тәрбие теориясы және әдістемесі бөлімінің әдіскері;
3.	Даулетова Гүлмира Тұрғанбайқызы	Мұнайлы ауданы «Өнер балалар мектебі» директоры, облыстық қосымша білім беру педагогтерінің қауымдастық жетекшісі

Білім берудің оқу-әдістемелік орталығының 2025 жылғы «31» 10 №244-бұйрығына 2-қосымша

Қазылар алқасының құрамы

№	Маманның аты-жөні	Жұмыс орны, лауазымы
1.	Аманжолова Жанна Бердіғалиқызы	Білім берудің оқу-әдістемелік орталығы, тәрбие жұмысы және тұлғаны әлеуметтендіру бөлімінің жетекшісі;
2.	Оспанова Нұраш Кенесовна	Өнер колледжінің оқытушысы;
3.	Жумағалиева Кумус Бакитжановна	Өнер колледжінің оқытушысы;
4.	Ақмолдина Қантөре	Ақтау қаласы А.Тарақұлы ат. балалар өнер мектебінің директоры, облыстық қосымша білім беру педагогтерінің қауымдастық мүшесі;
5.	Какишева Лидя	Ақтау қаласы №5 ЖББМ музыка пәні мұғалімі